

Мемлекеттік мүлікті республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 1194 Қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес сыртқы жылу желілері республикалық меншіктен Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының теңгерімінен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшада көрсетілген мүлікті қабылдау-беру жөнінде қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

13

қыркүйектегі

№ 1194

қаулысына

қосымша

Республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілетін мүліктің тізбесі

Объект атауы	Мүліктің атауы	Бастапқы құны, теңге	Соның ішінде: тозуы, теңге
«Ақорда», «Үкімет үйі», «Сенат», «Мәжіліс» ғимараттарын қалалық жылумен жабдықтау желілеріне қосу»	ЖЖ 1 сыртқы жылумен жабдықтау желілері	100 681 733	5 034 086,65
	ЖЖ 2 сыртқы жылумен жабдықтау желілері	139 100 786	6 955 039,30
Жиыны:		239 782 519	11 989 125,95

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК